**№9 «Колтоған» жалпы орта білім беретін мектебінің 9-10-11 сынып оқушылары арасында өткізілген жиналыс**
**ХАТТАМАСЫ №9**

14.05.2024ж

**Қатысқандар:**
Мектеп директоры-Қ.Турсынбекова
Келес АПБ.ЮПТ.полиция майоры-Т.Қоштаев
Ұйымдастырушы педагог-М.Хален
Оқушылар-9-10-11сыныптар

**Күн тәртібі:**

**1.Соңғы қоңырау мерекелік іс-шарасын жоспар бойынша өткізу.**
**2.Суға шомылу маусымы кезінде қауіпсіздік ережелерін алдын алу.**
**3.Құқықбұзушылықтың алдын алу.**
**4.Кезекеті мәселелер.**

**Мектеп инспекторы Т.Қоштаев сөзге шығып,соңғы қоңырау мерекелік іс-шарасын белгіленген тәртіп бойынша өткізу керектігін айтып өтті.Іс-шарадан соң топталып кафе-барларға,тауға немесе түрлі ойын-сауық мекемелеріне бітіру кешін ұйымдастыруға,сондай-ақ көлік жалдап(картеж) көшеде жүруге қатаң тыйым салатындығын ескертті.Шомылу маусымының басталуына байланысты кез-келген ағысы қатты арықтар мен каналдарға шомылуға болмайтынын айтты.Тек қана белгіленген шомылуға рұқсат етілген жерлерде ғана суға шомылуға болатындығын оқушыларға түсіндіріп өтті.**

**Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта үй-жайда тыс жерде ата-анасыз немесе заңды өкілдерінсіз жүруге болмайтындығы,сабақтан себепсіз қалуға болмайтындығын себепсіз 3 күн қалған жағдайда ата-аналарына айыппұл салынатындығын ескертті.Сабаққа мектеп формасымен келу керектігін қадап айтты.Сондай-ақ ұсақ бұзақылық қолданылатын жазалар жөнінде оқушылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі-балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу туралы айтып өтті.Сонымен қатар білім алушыларға ең алдымен жолда жүру ережелер туралы, мектепке ұялы телефонға тыйым салынғаны туралы, кешкі мезгілде көшеде жүрмеу, кәмелетке толмағандарға түнгі уақытты көіл көтеру орындарына баруға тыйым салу, сондай-ақ, кәмелетке толмағанадарға спирттік ішімдіктері мен темекі тауарларын сатуға тыйым салу туралы айтты.**

**Дене тазалығын сақтап, сабақтан қалмау керектігін ескертті.**

Мектеп директоры: Қ.Турсынбекова
Ұйымдастырушы педагог: М.Хален